

## Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне ведомстволық бағынысты жекелеген ұйымдардың мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 сәуірдегі N 365 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясы" және "12 жылдық білім беру проблемалары республикалық ғылыми-практикалық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары оларды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына (бұдан әрі - кәсіпорын) қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Ұлттық тестілеу орталығы" (бұдан әрі - орталық) республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта аталсын.

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні:

- 1) білім және ғылым саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру;
- 2) білім саласында, оның ішінде 12 жылдық білім беруге көшу проблемалары бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу;
- 3) білім беру жүйесін, оның ішінде 12 жылдық білім беру мазмұнының теориясын реформалауды әдіснамалық және әдістемелік қамтамасыз ету;
- 4) білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын әзірлеу, енгізу және жетілдіру болып белгілесін.

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне кәсіпорынның жарғысын және орталықтың жарғысына тиісті өзгерістерді бекітуге енгізсін;
- 2) әділет органдарында кәсіпорынның тіркелуін және орталықтың қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;
- 3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2008 жылғы 18 сәуірдегі  
N 365 қаулысымен  
бекітілген

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

**1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

2. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 желтоқсандағы N 1850 қаулысында :

тақырыбында және 1-тармағында "Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығы" деген сөздер "Ұлттық тестілеу орталығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың үшінші абзацы алынып тасталсын.

**3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.08.2022 № 581 қаулысымен.**

**4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.11.09 № 1177 Қаулысымен.**

**5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.**